южного региона Казахстана с использованием методов анкетирования, полуструктурированного интервью, анализа учебных программ и документации. Полученные данные свидетельствуют о том, что обучение, основанное на исследованиях, и непрерывное образование являются взаимосвязанными и взаимодополняющими концепциями, обеспечивающими развитие критического мышления, исследовательских навыков и мотивации к пожизненному обучению. В ходе исследования выявлены основные ограничения внедрения обучения на основе исследования: недостаточная методическая подготовка преподавателей, слабая материально-техническая база, низкий уровень сформированности исследовательских компетенций у студентов, а также недостаточная нормативно-правовая поддержка. На основе анализа предложены конкретные рекомендации по преодолению данных барьеров. Сделан вывод о том, что полноценное и методически грамотное использование обучения, основанного на исследованиях, в сочетании с современными образовательными технологиями способно существенно повысить качество подготовки специалистов, укрепить научный потенциал страны, обеспечить эффективную коммерциализацию результатов исследований и, в конечном итоге, повысить конкурентоспособность национальной экономики на мировом уровне.

Ключевые слова: обучение на основе исследования, непрерывное образование, навыки, мягкие навыки, профессиональное развитие, стратегия образования, исследовательская способность

Кіріспе. Бүгінгі таңдағы ҚР білім беру жүйесі үлкен трансформация кезеңінен өтуде. Көптеген озық технологиялардың білім беру үдерісіне енгізу сабақ беру тұжырымдамасына өзгерістер енгізу қажеттілігін туындатып отыр. Құзыретті органдардың жүргізген саясаты мен енгізген стратегиялары нәтижесінде, PISA бағдарламасы аясында жоғары көрсеткіштерге ие болған Финляндия, Ұлыбритания және т.б. елдердің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, Қазақстандағы білім беру жүйесі, мазмұны қайта қаралды. Үкімет тарапынан қойылған міндеттер оқыту әдістемесіне бірқатар түбегейлі өзгерістер енгізіп, соңғы онжылдықта STEM, Lesson study, CLIL, Action research секілді оқыту әдістемесімен қатар «зерттеуге негізделген оқыту» (Research-based teaching/learning) ұғымдарын қолданысқа енгізді. Қазіргі таңда аталған оқыту әдістері отандық білім беру жүйесінде белсенді түрде қолданысқа ие болып, ғасырға жуық уақыт бойы кеңестік дәстүрлі білім беру жүйесін бойына әбден сіңірген Қазақстандық білім беру жүйесінде көрініс табууда. Әрине, біз үшін тансық болған дүниені бірден қолданысқа енгізуге жол берілмей, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дербес білім беру ұйымдарына қарасты Педагогикалық шеберлік орталығында, Педагогикалық өлшемдер орталығында STEM, Lesson study, CLIL, Action research бойынша талдаулар жүргізіліп, ең алдымен Назарбаев зияткерлік мектептерінің ұстаздары инновациялық оқыту әдістемелерін қолдану бойынша дайындықтан өтті, одан әрі тәжірибе жалпы білім беру мектептеріне де таратылды және бүгінгі күні сәтті іске асырылуда.

Дегенмен, бұл жағдай орта білім беру буындарының жүйесінде орын алып, жоғары мектептің білім беру мазмұнына жаңадан аяқ басуда.

Жаһандану үдерісінің өзі білім беру жүйесін отандық және шетелдік деп ажыратып қарамай, керісінше олардың интергациялануын талап етеді. Сол интеграцияның бөлігі болу мақсатында біз білім беру әдістемесінің бірі ретінде зерттеуге негізделген оқытуды көптеп енгізуіміз қажет. Осы орайда «зерттеуге негізделген оқытудың Қазақстанның жалпы білім беру жүйесіндегі қазіргі ахуалы қандай?», «зерттеуге негізделген оқытудың қолданыс аясын кеңейту бізге не береді?», «зерттеуге негізделген оқытудың үздіксіз білім алу дағдыларын дамытудағы рөлі қандай?» деген сұрақтар туындауы мүмкін.

Бүкіл әлемде зерттеулерге негізделген педагогикалық білімнің маңыздылығы мойындалуда (Smith & Flores, 2019). Қазақстанның Болон процесіне қосылуы жоғары білім беру саласына айтарлықтай өзгерістерді әкеліп, тиісінше еуропалық білім беру кеңістігінің қағидалары және «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы бойынша ғылыми-техникалық әлеуетті күшейту, отандық ғылымды әлемдік деңгейде коммерцияландыру бойынша қабылданған шаралар білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту қажеттілігін туындатты (ҚР Үкіметінің 28.03.2023 ж. № 248 қаулысы). Қазіргі таңда зерттеуге негізделген оқыту бұқаралық сипатта қолданылмаса да, біршама деңгейде белең алып келеді. Оның өзі елдегі білім және ғылым саласына көзқарасты өзгертіп, мәртебесін сатылап көтеруде.

Осы кезге дейін еліміздегі білім беру саласында теория мен практика жеке қарастырылып келді, салдарынан теория негізінде дайындықтан өтетін мамандар іс-жүзінде жұмысқа тұрған кезде алдыңғы алған білімдері шынайы өмірден алшақ екендігіне көздері жетеді. Ал, зерттеуге негізделген оқыту - теория мен практиканың интергациясына, оны бір бүтін ретінде бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі жаһандық интергацияның әсерінен адамның жалпы тұлға ретінде қалыптасып, еліміздің өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін өскін ұрпақтың бойында зерттеу қабілеттерін, дағдыларын қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Зерттеуге негізделген оқыту арқылы зерттеу дағдыларын дамыту білім алушы үшін зерделеу, салыстыру, талдау, синтездеу, дедукция жасап, дербес шешім қабылдай білу, жұмсақ дағдыларды игеріп, іс жүзінде қолдана білу мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, өмір бойы білім алуға немесе үздіксіз оқуға жол ашады.

Сондай-ақ бүгінгі күннің мұғалімі - білім беруші, бағыттаушы, кеңесші рөлімен қатар зерттеуші, жаңаның бастамашысы болуының маңыздылығын айқындау арқылы білім беру саласына өзгерістер әкелуші.

Әдебиетке шолу. Зерттеу алды жұмыстар барысында бірқатар шетелдік және отандық әдебиеттер қарастырылып, салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, жалпы педагогикалық концепциялар, зерттеуге негізделген

оқыту бойынша теориялық ақпарат зерделеніп, практикалық сипатқа ие мақалалар, ағылшын тіліндегі онлайн курстар, вебинарлар, және TED Talks материалдары сұрыпталды, нәтижесінде оларға талдау жасалып, баға берілді.

Атап айтсақ, Эллиот Сейфтың «Зерттеуге негізделген оқыту: Өмір бойы оқу қажеттілігі» мақаласына сәйкес, зерттеуге негізделген оқыту жүйесі студенттерді зерттеу жүргізуге және өмір бойы білім алуға дайындайды. «Зерттеу» терминін көбінесе зерттеу есептерін жазумен байланыстырылады, алайда олар зерттеуге негізделген оқу арқылы ақпаратты табу, өңдеу, жүйелеу және бағалау дағдыларын дамытады, бұл олардың оқу қабілеттері мен сөздік қорын арттыруға көмектеседі. Мақалада осы әдістің артықшылықтары атап өтілген, себебі ол оқушыларға түсініп оқу, интерпретация қалыптастыру, гипотезаларды әзірлеу және бағалау, сондай-ақ сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау мүмкіндіктерін береді. Білім алушылар мәселелер мен дилеммаларды шешуді үйренеді, сонымен қатар жазбаша сөйлеу және талқылау арқылы коммуникациялық дағдыларын дамыту мүмкіндігіне ие болады (Seif, 2021).

Жалпы, адамзаттың туа бітті ғалым екені туралы пікір кең таралған: олардың тәжірибені білімге айналдыру үдерісі ғалымдар жүргізетін ғылыми таным үдерісімен бірдей деп есептеледі (Holt, 1989). Осы ойдың жарқын мысалы ретінде Элисон Гопниктің (Alison Gopnik) зерттеуін келтіруге болады: ол «кішкентай балалар ойын барысында және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезінде статистикалық деректерден, эксперименттерден және басқалардың әрекеттерінен ғалымдар сияқты дәл солай үйренеді» деп тұжырымдайды (Yaffe, 2022).

Алайда Фрэнсис (Francis, 2012) бұл танымал көзқарасты шындық пен қателіктің қоспасы деп бағалайды: ғалымдардың ойлау тәсілі тек табиғи қызығушылық пен ақыл-ойдың икемділігінен ғана туындамайды, ол жүре біткен дағды болып табылады. Шанахан (Shanahan, 2011) да бұл пікірді қолдай отырып, ғылымды жай ғана балалық қызығушылықтың «ересек нұсқасы» деп қарауға болмайтынын ерекше атап көрсетеді. Осылайша, зерттеуге негізделген оқытуды балалық қызығушылықты жай ғана «үлкейту» емес, оны жүйелі әрі орнықты зерттеушілік құзіреттілікке айналдырудың тиімді құралы деп түсінуіміз қажет (Himelhoch et al., 2015).

Практик оқытушылардың басым көпшілігі зерттеуге негізделген оқыту әдістері білім алушылардың оқу-танымдық және іс-әрекеттік циклдің барлық кезеңінде оң нәтиже беретіндігін үнемі атап өтеді. Өйткені, бұл әдістер студенттердің зейінін шоғырландыруын, когнитивтік ынтасын, белсенділігін және мақсатты амбициясын күшейте отырып, өзекті ғылыми және кәсіби мәселелерді ашық, сындарлы әрі еркін талқылауға қолайлы орта қалыптастырады.

Сонымен қатар практиктер ерекше баса назар аударатын негізгі артықшылықтардың бірі - зерттеуге негізделген оқытудың интенсивті проблеманы шешуге бағытталуы және топтық зерттеу жұмысының тұрақты дағдысын қалыптастыруы. Оқытушылардың пікіріне сүйенсек, зерттеуге негізделген оқыту нысандары білімнің ұзақ мерзімді есте сақталуын (retrieval strength), еске түсіру жеңілдігін (recall fluency) және оқу орнын аяқтағаннан

кейінгі кезеңде де (post-university life) алынған білімді мақсатты әрі тиімді қайта қолдану қабілетін (knowledge reuse) едәуір нығайтады (Lindsey et al. 2014).

Dekker, H., Walsarie-Wolff, S. Re-inventing Research-Based Teaching and Learning (Зерттеуге негізделген оқытуды және білім алуды қайта ойлап табу) зерттеу жұмысында «... Университеттер студенттерін болашақ қоғамда жоғары лауазымдарға дайындау мақсатында олардың жоғары деңгейдегі пәндік білімін, зерттеу дағдыларын, көшбасшылық қабілеттерін және жеке қасиеттерін дамытуға ұмтылады. Зерттеуге негізделген оқыту осы мақсатқа жету үшін тиімді әдіс болып табылады... Зерттеуге негізделген оқыту - бұл зерттеу барысында мағыналы және нақты тәжірибелер арқылы оқыту: студенттер зерттеуші болып, күрделі сұрақтар қояды, жауаптарды зерттеу арқылы іздейді және өздерінің зерттеу жолы туралы есеп береді. Оқыту мен зерттеудің байланысын екі шектен қарастыруға болады: бір жағында оқыту мен зерттеу арасында ешқандай байланыс жоқ болса, екінші жағында оқыту толықтай зерттеу ретінде қарастырылады.» делінген (Dekker & Walsarie-Wolff, 2016).

Brew, A., Elaine Munthe, Magne Rogne, Hilde Wågsås Afdal, Kari Spernes секілді шетелдік зерттеуші педагогтармен қатар отандық зерттеушілердің жұмыстарында зерттеуге негізделген оқытудың тиімділігі дәлелденген. Мәселен, Ақбалеева Д.А., Алтаева Н.З., Абдрахманова Б.М., Калиева Г.Т., Кузенбаева А.Е., Нуркешова Э.Т., Шегенова З.К., Сламбекова Т.С. өз еңбектерінде зерттеуге негізделген оқытудың білім алушы үшін берер мүмкіндіктерін атап өткен. Осы орайда Кенебаева А.С. «Университеттегі қызметкерлер мен студенттер арасында зерттеушілік мәдениетті дамыту мен оның іс-тәжірибелік және әлеуметтік маңыздылығын арттыру жақсы дамыған заманауи университеттердің басты компоненті болып табылады. Зерттеуге бағытталған оқыту стратегиялары зерттеушілік университеттер үшін ғана маңызды емес, олар сол сияқты Қазақстандағы бизнес-университеттер үшін де аса маңызды болып саналады» дейді (Kenebayeva, 2020). Бұл дегеніміз, зерттеумен айналысу тек зерттеушілік ұйымдары үшін ғана емес, адам өмірінің басқа салалары бойынша білім беру ұйымдарында да көрініс табуы керек.

З.К. Шегенова және Т.С. Сламбекованың зерттеулерінде «Оқушылардың тарихи ойлау дағдылары мен білімін дамытуға көмектесетін бірқатар оқыту әдістері мен тәсілдері бар. Бірақ солардың ішінде зерттеуге негізделген оқытуды ерекше атап өткен жөн. Бұл әдіс оқушылардың тарихи дереккөздермен терең жұмыс жасауды және өткенді тереңірек түсіну үшін дұрыс сұрақтар қояды камтиды. Ол тек тарихи фактілерді есте сақтаудың орнына тарихи ойлау процесін қалыптастыруға септігін тигізеді» деп атап өткен (Шегенова & Сламбекова, 2020). Алайда, шолу нәтижелеріне талдау жасай келе зерттеуге негізделген оқытудың қолданыс аймағы тек техникалық немесе тарих ғылымдармен шектелгенін, тіл білімі саласындағы қолданыс мәртебесін күшейту үшін әле де жұмысты қажет ететіндігін байқауға болады.

Дегенмен, зерттеуге негізделген оқытудың кемшіліктері мен шектеулері де аз емес. Тиісті бағалау жүйесінің болмауы немесе сапасыздығы білім алушыларда шатасуды, мазасыздықты және алаңдаушылықты туындатып,

стандартталған тестілеудегі көрсеткіштердің төмендеуіне немесе мүлдем жоқ болуына әкеледі. Студенттердің ұялуы, қатысудан бас тартуы және ықыластың төмендеу қаупі жоғары. Ойлау қарқыны баяу білім алушылар, интроверт тұлғалар және оқуда ерекше қажеттіліктері бар студенттер мұндай іс-әрекетке тән икемділік пен еркіндікке дайын болмай шығады. Респонденттердің басым көпшілігі топтық жұмыс, ынтымақтастық және нәтижелерді ортақ бөлісу мәдениетінде қиындықтарға тап болады, ал жалпы дайындық деңгейі мен жауапкершілігі сипатты түрде төмен болып қалуда. Кері байланыс пен күшейту ағынының (reinforcement flow) жетіспеуі де типтік мәселе ретінде көрінеді.

Алғашқы қадамдар қызықты әрі тартымды болғанымен, кейінгі кезеңдерде білім алушылардың жоғары деңгейлі дағдылары (higher-order skills) талап етілмегендіктен тіпті ынталылым алушының өзі тез жалығып кетуі мүмкін. Оған қоса, оқытушылардың әдістемелік дайындығының жеткіліксіздігі ретсіз, талаптары анық емес сабаққа, нұсқаудың жоқтығына және тапсырмалардың жекелендірілмеуіне әкеліп соғады, бұл өз кезегінде бүкіл үдерістің тиімділігін едәуір төмендетеді (Koltay & Karvalics, 2023 a: 310).

Тақырып үшін маңызды компоненттің бірі болғандықтан Жаннет Коллинстың «21 ғасырдағы өмір бойы білім алу» атты мақаласы да қарастырылды. Мұнда қазіргі уақытта өмір бойы білім алудың маңыздылығы, яғни адамдардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылардың бірі ретінде қарастырылған (Collins, 2009). Мақалаға сәйкес өмір бойы білім беруді насихаттау жаһандық білім беру міндеттерінің басты мәселесіне айналды. Бұл міндетті шешу үшін оқыту әдістемесінде өзгерістер енгізу қажет екендігіне, яғни оқытушылар ынталандырушы рөлді күшейтсе, білім алушылардың өз мақсаттарын қойып, оқу ресурстарын анықтауына және өз білімдерін бағалау жауапкершілігін мойнына алуы керектігіне ерекше назар аударылған.

Материалдар және әдістер. Қазақстанның оңтүстік өңірінде зерттеуге негізделген оқытудың қолдану мәртебесі мен оның үздіксіз білім алуды дамытудағы рөлін айқындау мақсатында бірқатар ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу мынадай кезеңдерді қамтыды: ғылыми бағыттағы тиісті мақала тақырыбы аясындағы әдебиеттерді зерделеу және сыни тұрғыдан талдау жасау, салыстыру, сауалнама әзірлеу, эмпирикалық деректерді жинау және өңдеу, алынған нәтижелерге талдау жүргізу және интерпретациялау.

Бастапқы кезеңінде зерттеуге негізделген оқыту тұжырымдамасының теориялық негізі мен практикалық қолданысына, оның үздіксіз білім алумен өзара байланысы, оның дамуына тигізетін септігіне қатысты ғылыми-әдістемелік мақалаларға тереңдетілген шолу жасалды. Әдебиеттік шолу нәтижесінде зерттеуде тақырыбы бойынша олқылықтар анықталып, зерттеу құралдары белгіленді. Оған қоса, «зерттеу» ұғымын саналы түрде трансформациялауға, яғни қағаз бетіндегі формалды есеп емес, білім алушылардың қатты дағдыларын тереңдетумен қатар тұлғалық апгрейдты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жұмсақ дағдыларын дамытатын құрал ретінде қарауға айрықша мән берілді.

Келесі кезеңі мақаланың іргетасы болатын бастапқы деректерді жинау үшін Google Forms нысанында онлайн сауалнаманы құрылымдау болды. Сауалнаманың негізгі мақсаты зерттеуге негізделген оқытудың тиімді білім берудегі алар орны, оның іс-жүзіндегі қолданыс дәрежесі мен жиілігін, тұлғалық дамыту жұмысына берер артықшылығын тану, оқытушылардың жеке пікірін, сондай-ақ үздіксіз білім алу дағдыларын дамытудағы әсерін бағалау болды. Академиялық процесте оқыту әдістерін оқытушылар белгілейтін болатындықтан, қатысушылар ретінде оқытушылар контингенті таңдалды. Бір немесе бірнеше жауапты таңдау мүмкіндігі бар 15 ашық және жабық сұрақтардан тұратын әзірленген сауалнама WhatsApp желісі арқылы оқытушыларға таратылды. Зерттеуге жалпы 128 оқытушы қатысса, оның ішінде 94 оқытушы қалалық және ауылдық елді мекендердің 28 жалпы орта және зияткерлік білім беру мекемелерінің, 34 оқытушы 2 жоғары оқу орнының қызметкерлері болды. (1-кесте)

Кесте 1. Зерттеуге қатысушылардың құрамы


№	Санаты	Мекеме саны	Оқытушылар саны	Үлесі, %
1	Жалпы орта білім беретін және зияткерлік мектептер (қалалық және ауылдық елді мекендер)	28	94	73,4
2	Жоғары оқу орындары	2	34	26,6
	Жиыны	30	128	100

Одан әрі Google Forms нысанында барлық жауаптар жүйеленіп, өңделді. Сауалнама нәтижесінде қатысушылардың ортақ пікірлерлері немесе қарама-қайшылықтар дескрипторлық талдау әдісін қолдана отырып анықталды.

Зерттеудің қорытынды кезеңінде алынған деректерді интерпретациялауға үлкен мән берілді. Атап айтқанда, Қазақстанда зерттеуге негізделген оқыту мен үздіксіз білім алуды дамыту үшін қабылданатын шаралар, қолданыстағы білім беру бағдарламасында зерттеу және үздіксіз білім алу дағдыларын дамытуға назар аударудың маңыздылығы, одан әрі жұмыстың өнімділігіне әсер ететін жеке ұсынымдар берілді.

Нәтижелер және талқылаулар. Деректер көрсеткендей, сауалнама респонденттерінің 108-і, яғни 85 % білім беру саласындағы тәжірибесі 4 жылдан жоғары болса, тәжірибесі 1-3 жыл болғандардың үлес салмағы 3,9%, яғни 5 оқытушыны құрайды.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене келе оқытушылар педагогикалық қызметтің сәтті болуы үшін маңызға ие дағдылар қатарында **сыни ойлау** мен талдау жасап, **зерттеулерді қолдана білуге** басымдық берген. Атап айтсақ, «М. Әуезов атындағы ОҚУ», «Шымкент университетінің» оқытушылары «Талдау жасап, зерттеулерді қолдана білу» дағдысына ерекше мән берсе (42,5 % көрсеткішпен ең үлкен пайызға ие болды), «Парасат АЖ», «Амангелді Иманов» жалпы орта мектептерінің оқытушылары «Өзгеге білім бере алу қабілетін» маңызды дағды ретінде белгіленген. Тағы басқа дағдылар бойынша нәтиже төмендегідей. (1-сурет)




1-сурет. Педагогикалық қызметтің сәтті болуы үшін маңызға ие дағдылар

Нәтижелер көрсеткендей, дағдылардың қалыптасуында тәжірибе маңызды рөл атқарады. Себебі, 4 жылдан көп тәжірибесі бар оқытушылар зерттеу әдістерін қолдану арқылы ақпаратты іздеу және талдау, алған білімін тәжірибеге енгізу, сыни ойлау дағдыларын дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жеткен.

Оған қоса, зерттеуге негізделген оқыту жоғары оқу орны қызметкерлерінен гөрі орта буындағы білім беру мекемелері қызметкерлерінің көбірек қызығушылығын тудыртқанын тұжырымдауға болады. Өйткені, жоғары мектеп оқытушылары үшін зерттеуге негізделген оқыту шартты түрде қалыпты құбылыс болса, жалпы орта мектептерде бұл мәселе анағұрлым өзекті және оның қолданыс аясын кеңейту бағытында жұмысты көбірек қажет ететіндігін түсінуге болады.

Сауалнама барысында «Зерттеуге негізделген оқыту» ұғымымен респонденттердің 60,6 %-ы оқытудың осы түрінен жалпы хабарының бар екенін атап өтсе, 19,7 % өте жақсы таныс екендігін, 14,2% естігенімен қызығушылық танытпағанын, 5,5% мүлдем таныс емес екендігін көрсеткен. Тиісінше, «зерттеуге негізделген оқыту» ұғымы әле де түсіндіруді қажет ететіндігіндігі байқалып тұр, өйткені сауалнама респонденттерінің 60,6 % бұл ұғымнан жалпы хабарының бар екенін белгілеуі дәл осы пайыздық көрсеткіштің бұл әдісті мүлдем қолданбағанын білдіреді. Әрине, бұл білім беру саласы, деңгейі үшін мәселе екендігін аңғартып тұр.

2-суретте оқытудың осы әдісін білім беру үдерісінде пайдалану жиілігінің үлес салмағы берілген. Диаграммадан зерттеуге негізделген оқытудың білім беру мекемелерінде пайдалану жиілігі жалпы әдістердің ішінде $\frac{1}{4}$ бөлігін немесе 25,2% құрайтыны анықталған.




2-сурет. Зерттеуге негізделген оқытуды білім беру үдерісінде пайдалану жиілігі

Қазіргі цифрландыру және жасанды интеллект (ЖИ) дәуірінде білім алушылардың ойланбай, өздігінен шешім шығаруға тоқсауыл болып жатқан ЖИ құралдарына қарсы әрекет ретінде оқытушылардың зерттеуге негізделген оқытуды қолдануды тоқтатпауы үлкен маңызға ие. Алайда, жоғарыда көрсетілгендей (2-сурет) қолданыс іс-жүзінде «кейде» ғана орын алып отыр. Бұдан оқытушылардың білім беру мазмұнына сәйкес зерттеуге негізделген оқыту талабы болғанымен, ол талап жеткілікті түрде іске аспай тұр деген қорытынды шығаруға болады. Атап өтетін жәйт, сауалнама респонденттерінің зерттеуге негізделген оқытуды жиі қолданбағанымен, оның жалпы білім алушының бойында қалыптасуы тиіс ең маңызды дағдыларының бірі «үздіксіз білім алу» мен «жұмсақ дағдылардың» дамуында рөлі ерекше екенімен келісуі зерттеуге негізделген оқытудың дәл қазір қаншалықты өзекті екендігін білдіреді.

Зерттеуге негізделген оқытуды пайдалану білім беру үдерісінде өте маңызды деп санайтындар көрсеткіші 32,3%, жалпы маңызды екеніне сенетіндердің үлесі 61,4%, ал айтарлықтай маңызды емес және маңызы жоқ деп есептейтіндердің пайызы тиісінше 5,5 және 0,8 болды. Дегенмен, зерттеу нәтижелері оқытудың осы түрінің болашақ мамандар үшін маңызды болғанымен, зерттеу дағдыларының оқытушылық мансапта белгілі жетістіктерге жету жолында шешуші рөл атқаратындығына айтарлықтай сенбейтіндігі, оған уақыт шығынын жасаудың қажетсіз деп есептейтіндігі көрінеді.


Оқытудың осы әдісінің артықшылықтары бойынша көрсеткіш төмендегідей (3-сурет).



3-сурет. Зерттеуге негізделген оқытудың артықшылықтары

Сауалнама нәтижелері сауалнама қатысушыларының дені зерттеуге негізделген оқытудың артықшылықтарын мойындайтынын, тіптен бір қатысушының бірден бірнеше артықшылығын белгілеуі, оқытудың осы түрінің расында да өз деңгейінде қолданылса, сапалы маманның қалыптасуына айтарлықтай үлес қосатынын дәлелдеп отыр.

Сондай-ақ, оқытудың осы әдісінің білім алушылардың үздіксіз білім алу (life long learning) дағдыларын дамытуға әсерін анықтау нәтижелері респонденттердің басым бөлігінің, яғни 57,8% елеулі әсері бар, ал небәрі 0,8% әсері жоқ екендігімен келіскендігін көрсетеді. (4-сурет)



4-сурет. Зерттеуге негізделген оқытудың білім алушылардың үздіксіз білім алу (life long learning) дағдыларын дамытуға әсері

Үздіксіз білім алу (life long learning) дағдыларын дамытудағы, диаграмма көрсеткендей, мұндай арақатынас оқытушылардың көп бөлігінің зерттеуге негізделген оқытуға деген көзқарасының оң екендігін аңғартады. Өйткені, «... ғылыми зерттеулерге негізделген білім ғылыми кадрлардың көбеюін қолдауға және жаңа ғалымдарды тәрбиелеуге емес, жоғары білімі бар ғылыми сауатты ұрпақтарды даярлауға бағытталған» (Koltay & Karvalics, 2023 b: 308).

Атап өтетін жайт, зерттеуге негізделген оқытудың үздіксіз білім алу дағдыларын дамытудағы рөлі мен маңызына қатысты өте жоғары баға берілген. Осы арқылы зерттеуге негізделген оқыту мен үздіксіз білім алу үнемі бірге бір бірін толықтыра жүретін ұғымдар екенін түсінуге болады. Осы орайда, өмір бойы (үздіксіз) зерттеуді екі ұғымның интеграциясы ретінде алатын болсақ, өмір бойы зерттеу - студенттің өз бойына сіңірген зерттеу дағдылары мен академиялық нәтижесін оқу орнын аяқтағаннан кейінгі өмірде қолданатын орнықты тәсілге айналдыруы.

Қорытынды. Зерттеудің шектеуі - зерттелген мекемелер тек бір географиялық аймақта орналасқан, сол себепті атқарылған жұмыс нәтижелері елдегі зерттеуге негізделген оқытудың мәртебесі мен оның үздіксіз білім алуға әсерін толыққанды көрсете алмайды. Сондықтан, зерттеудің келесі кезеңдерінде зерттеу географиясын ұлғайтып, Қазақстанның өзге өңірлеріндегі жағдаймен салыстыру немесе зерттеуге негізделген оқыту әдістерінің сапасына талдау жасау, олардың оқытушылардың кәсіби дамуына әсерін зерттеу тақырып аясындағы мәселенің оңтайлы шешімін табуға жол ашуы мүмкін.

Жаһандық интеграцияның қатысушысы болу, әрине, жоғары оқу орнының Болон процесінің, QR рейтингінің шарттарына сәйкес оқу бағдарламаларын үйлестіруді, тіпті менталитетке тиісті өзгерістер енгізуді талап ететіні белгілі. Және де, дәл осы зерттеуге негізделген оқыту білім беру үдерісіне тың

өзгерістер алып келетіндігін, ол өзгерістердің еліміздің ғылыми техникалық әлеуетін көтеріп әлемдік деңгейде ғылымды коммерцияландыруға қабілеті мол, қатты, жұмсақ дағдылармен қатар үздіксіз зерттеушілік білім алу қабілеті қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыратындығына сенім мол. Әрине, мұның өзі алдымызға үлкен мақсаттар мен міндеттер қойып, нақты шаралар мен нық қадамдарды талап етеді.

Әдебиеттер

Smith K., & Flores M.A. (2019) Teacher educators as teachers and as researchers. *European Journal of Teacher Education*, 42 (4). — P. 429-432. <https://doi.org/10.1080/02619768.2019.1648972>

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. [электр. ресурсы] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>

Elliot Seif (2021) Research Based Learning: a Lifelong Learning Necessity [электрон. ресурсы]. <https://www.solutiontree.com/blog/research-based-learning-a-lifelong-learning-necessity>

Holt John (1989) Learning all the time. ISBN 10: 020112095X / ISBN 13: 9780201120950, Published by Hachette Books, 1989 https://www.academia.edu/8661039/learning_all_the_time

Yaffe Philip (2022) Workings of science: Is science limited to the sciences? *Ubiquity* (22) 3: 1–11 <http://doi.org/10.1145/3512334>

Francis Matthew (2012) Children are not “natural” scientists. <https://galileospendulum.org/2012/11/15/children-are-not-natural-scientists>.

Shanahan, Marie-Claire (2011) Students don't lose their ability to think scientifically. <https://mcshanahan.wordpress.com/2011/09/22/students-dont-lose-their-ability-to-think-scientifically>

Himelhoch, Seth, Sarah Edwards, Mark Ehrenreich, and Philip Luber (2015) Teaching lifelong research skills in residency: Implementation and outcome of a systematic review and meta-analysis course. *Journal of Graduate Medical Education* 7 (3): 445–50. <https://doi.org/10.4300/jgme-d-14-00505.1>

Lindsey Robert V., Jeffery D. Shroyer, and Michael C. Mozer (2014) Improving students' long-term knowledge retention through personalized review. *Psychological Science* (25) 3: 639–47. <http://doi.org/10.1177/0956797613504302>.

Dekker H., Walsarie-Wolff S. (2016) Re-inventing Research-Based Teaching and Learning, Conference: European University Association: European Forum for Enhanced Collaboration in Teaching: Consortium meeting in Brussels on 5 December 2016, Centre for Education and Learning (CEL)

A.S. Kenebayeva. (2020) Research-Oriented Teaching in Hospitality and Tourism Marketing: Critical Reflections on Practice. Педагогикалық ғылымдар сериясы. — №3 (64). — P. 4-11 <https://doi.org/10.26577/JES.2020.v64.i3.01>

Шегенова З. К., Сламбекова Т. С. (2020) Қазіргі білім беру жағдайында орта мектепте тарихты оқытудың әдістемелік ерекшеліктері, <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.030>

Tibor Koltay and László Z. Karvalics (2023), Research-Based Education, Handbook Transdisciplinary Learning, 310, <https://doi.org/10.1515/9783839463475-032>.

Jannette Collins (2009) Lifelong Learning in the 21st Century and Beyond [Published Online]. <https://doi.org/10.1148/rg.292085179>

Tibor Koltay and László Z. Karvalics (2023), Research-Based Education, Handbook Transdisciplinary Learning. — 308 p. <https://doi.org/10.1515/9783839463475-032>.

References

Smith K., & Flores M.A. (2019) Teacher educators as teachers and as researchers. *European Journal of Teacher Education*, 42 (4). — P. 429-432. <https://doi.org/10.1080/02619768.2019.1648972> (in English)

«Qazaqstan Respublikasynda joǵary bılımdı jáne ǵylymdy damytudyń 2023-2029 jyldarǵa arnalǵan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ūkimetiniń 2023 jylǵy 28 nauryздаǵy № 248 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 248 «On approval of the concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029»]. [elektron. resurs] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (in Kazakh)

Elliot Seif (2021) Research Based Learning: a Lifelong Learning Necessity [электрон. ресурс]. <https://www.solutiontree.com/blog/research-based-learning-a-lifelong-learning-necessity> (in English)

Holt John (1989) Learning all the time. ISBN 10: 020112095X / ISBN 13: 9780201120950, Published by Hachette Books, 1989 https://www.academia.edu/8661039/learning_all_the_time (in English)

Yaffe Philip (2022) Workings of science: Is science limited to the sciences? Ubiquity (22) 3: 1–11 <http://doi.org/10.1145/3512334> (in English)

Francis Matthew (2012) Children are not “natural” scientists. <https://galileospendum.org/2012/11/15/children-are-not-natural-scientists> (in English)

Shanahan, Marie-Claire (2011) Students don't lose their ability to think scientifically. <https://mcschanahan.wordpress.com/2011/09/22/students-dont-lose-their-ability-to-think-scientifically> (in English)

Himelhoch, Seth, Sarah Edwards, Mark Ehrenreich, and Philip Luber (2015) Teaching lifelong research skills in residency: Implementation and outcome of a systematic review and meta-analysis course. Journal of Graduate Medical Education 7 (3): 445–50. <https://doi.org/10.4300/jgme-d-14-00505.1> (in English)

Lindsey Robert V., Jeffery D. Shroyer, and Michael C. Mozer (2014) Improving students' long-term knowledge retention through personalized review. Psychological Science (25) 3: 639–47. <http://doi.org/10.1177/0956797613504302> (in English)

Dekker H., Walsarie-Wolff S. (2016) Re-inventing Research-Based Teaching and Learning, Conference: European University Association: European Forum for Enhanced Collaboration in Teaching: Consortium meeting in Brussels on 5 December 2016, Centre for Education and Learning (CEL) (in English)

A.S. Kenebayeva (2020) Research-Oriented Teaching in Hospitality and Tourism Marketing: Critical Reflections on Practice. Pedagogical Sciences. — No.3 (64). — P. 4-11 <https://doi.org/10.26577/JES.2020.v64.i3.01> (in English)

Şegenova Z.K., Slambekova T.S. (2020) Qazırǵı bılım beru jaǵdaiynda orta mektepte tarihty oqytudyń ádistemelik erekшелikleri [Methodological features of teaching history in high school in modern educational conditions], <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.030> (in Kazakh)

Tibor Koltay and László Z. Karvalics (2023), Research-Based Education, Handbook Transdisciplinary Learning, 310, <https://doi.org/10.1515/9783839463475-032> (in English)

Jannette Collins (2009) Lifelong Learning in the 21st Century and Beyond [Published Online]. <https://doi.org/10.1148/rg.292085179> (in English)

Tibor Koltay and László Z. Karvalics (2023), Research-Based Education, Handbook Transdisciplinary Learning. — 308 p. <https://doi.org/10.1515/9783839463475-032> (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.12.2025.

46,0 п.л. Заказ 6.